

## 2017 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Шиелі ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 14 қыркүйектегі № 1189 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 27 қыркүйекте № 5974 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты тоқтатылды

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 5 шілдедегі Заңына сәйкес Шиелі ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Шиелі ауданы бойынша 2017 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері бекітілсін.

2. "2017 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" Шиелі ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 24 қаңтардағы № 1004 қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5705 болып тіркелген, 2017 жылғы 04 ақпандағы "Өскен – өңір" газетінде және 2017 жылғы 23 ақпанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Шиелі ауданы әкімінің орынбасары А.Есмахановқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауданы әкімінің міндетін атқарушы

Т. Жағыпбаров

Шиелі ауданы әкімдігінің 2017 жылғы "14"  
қыркүйектегі № 1189 қаулысына қосымша

## Шиелі ауданы бойынша 2017 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері

Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту № ұйымдарының	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны				Мектепке дейінгі ұйы	
	Мектеп жанындағы толық	Мектеп жанындағы жарты	Дербес толық	Дербес жарты	Мектеп жанындағы толық	

	әкімшілік-аумақтық орналасуы (аудан, қала)	Балабақша	к ү н д і к шағын-орталықтар	к ү н д і к шағын-орталықтар	күндік шағын-орталықтар	к ү н д і к шағын-орталықтар	Балабақша	күндік шағын-орталықта
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1	Шиелі ауданы	3800	350	0	0	0	24240	20374

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ